

Капитал нарығы

Айлық шолу

2024 жылғы тамыз

МАЗМҰНЫ

1 ҚЫСҚА ШОЛУ

АХҚО БИРЖАСЫ

- Бөлшек инвесторлар және сауда мүшелері
- AIX QAZAQ Index
- Жалпы шолу
- Акциялар нарығы
- Борыштық бағалы қағаздар нарығы



ҚЫСҚА ШОЛУ

2024 жылғы тамызда АХҚО биржасы сауда-саттық көлемінің айтарлықтай өсімін көрсетті. Сондай-ақ бөлшек инвесторлар санының және AIX Qazaq Index мәнінің өсуі байқалды.

AIX QAZAQ INDEX

2024 жылдың тамызында индекстің мәні өсуін жалғастырып, ең жоғары мәні – 1 381-ге жетті.

1 381
индекс мәні

+17%
Жыл басынан бергі өсім

БӨЛШЕК ИНВЕСТОРЛАР

АХҚО биржасында бөлшек инвесторлар саны 1,8 млн-ға жетті, бұл ретте 2024 жылғы тамызда 27 мың жаңа шот құрылды.

+27
МЫҢ

+72%
2023 жылдың тамызымен салыстырғанда

ASTANA INTERNATIONAL EXCHANGE

Astana International Exchange (АХҚО биржасы) 2017 жылы «Астана» халықаралық қаржы орталығын (АХҚО) дамыту аясында құрылған.

АКЦИОНЕРЛЕР

- АХҚО әкімшілігі
- Шанхай қор биржасы
- Жібек жолы қоры
- NASDAQ

ӨНІМДЕР

- Акциялар
(IPO/SPO, Pre-IPO, аймақтық акциялар нарығының сегменті, Junior Mining, «Белдеу және Жол» сегменті)
- Борыштық құралдар
(мемлекеттік облигациялар, жеке орналастырулар (exempt/wholesale), исламдық және жасыл облигациялар)
- Құрылымдалған өнімдер (ETF, ETN)

АРТЫҚШЫЛЫҚТАР

- Шетелдік инвесторларға жақсы таныс әрі түсінікті реттеуші режим
- Әлемдік деңгейдегі инфрақұрылым
- NASDAQ жоғары технологиялық сауда платформасы

БӨЛШЕК ИНВЕСТИТОРЛАР ЖӘНЕ САУДА МҮШЕЛЕРІ

2024 жылғы тамызда АХҚО биржасында бөлшек инвесторлардың 27 мың жаңа шоты құрылды. АХҚО биржасына сауда қатысушыларының саны 2024 жылдың шілдесінен бастап өзгеріссіз қалып, 46 құрады.


БӨЛШЕК ИНВЕСТИТОРЛАР

1,8 млн

Бөлшек инвесторлар

+27 тыс.

2024 ж.
тамыздағы жаңа
бөлшек
инвесторлар




Бөлшек инвесторлар – басқа тұлғалардың ұйымдарының өкілдерінен немесе қаражаттарын басқарушылардан айырмашылығы, қаржы нарықтарында өз қаражаттарын инвестициялайтын жеке тұлғалар.

САУДА МҮШЕЛЕРІ

46

Сауда мүшесі



АХҚО биржасының сауда мүшелері АХҚО биржасында қаржы құралдармен (акциялармен, облигациялармен) сауда жасауға құқылы. Олар өз клиенттерінің атынан мәмілелер жасайды.

AIX QAZAQ INDEX


2021 жылы іске қосылған AIX Qazaq Index (AIXQI индексі) – қазақстандық және Қазақстанмен байланысты компаниялардың акциялары мен жаһандық депозитарлық қолхаттарынан (GDR) тұратын нарықтық капиталдандыру бойынша өлшенген индекс. 2024 жылдың тамызында индекс көрсеткіштері сәл көтеріліп, рекордтық көрсеткіш – 1 381-ге жетті.

AIXQI ИНДЕКСІНІҢ МӘНІ



Индекстің мәні қаржы нарықтарының жай-күйін бағалаудың негізгі көрсеткіші.

AIXQI ИНДЕКСІНІҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІКТЕРІ



Индекске енгізілген компаниялар – бұл бизнестен түсетін кірістері ішінара немесе толығымен Қазақстанда пайда болатын Қазақстанда тіркелген компаниялар немесе операциялық қызметтерінің елеулі үлесі Қазақстанда шоғырланған компаниялар.

* 2024 жылғы тамыздағы акциялар құнының өзгеруі

ЖАЛПЫ ШОЛУ

Сауда-саттықтың жиынтық көлемі жоғары көрсеткіштерді көрсетуді жалғастыруда: 2024 жылдың алғашқы 8 айында АХҚО биржасында \$814 млн-ға (бүкіл 2023 жыл ішіндегі \$582 млн-мен салыстырғанда) саудаланды. Нарықтық капиталдандыру акциялар бағасының ауытқуынан туындаған ұзақ өсу кезеңінен кейін \$81 млрд-қа дейін сәл төмендеді.


САУДА-САТТЫҚТЫҢ ЖИЫНТЫҚ КӨЛЕМІ

\$32M

2024 жылғы тамыздағы сауда-саттықтың жиынтық көлемі

1.4 есе

2023 ж. тамыздағыдан көп




Сауда-саттықтың жиынтық көлемі – бұл қор биржасында сатылатын барлық акциялардың сомасы. Әдетте, сауда-саттық көлемінің жоғары деңгейі жоғары өтімділікті көрсетеді, бұл инвесторларға акцияларды сатып алуды немесе сатуды жеңілдетеді.

НАРЫҚТЫҚ КАПИТАЛДАНДЫРУ

\$81 млрд


Нарықтық капиталдандыру




Биржаның нарықтық капиталдандырылуы қор биржасында сатылатын акциялар нарығының жалпы құны мен көлеміне шолуды білдіреді.

АКЦИЯЛАР НАРЫҒЫНА ШОЛУ

2024 жылғы тамызда АХҚО биржасында сатылатын акциялардың көлемі \$18 млн құрады, бұл өткен жылдың тамыз айындағы көрсеткіштерден (\$10 млн) 1,8 есе жоғары.



Биржада орналастырылған компаниялардың (эмитенттердің) және листингтердің көбеюі, әдетте, нарықтың өтімділігін арттырады, бұл инвесторларға құнды мейілінше жоғалтпай акцияларды сатып алуға және сатуға мүмкіндік береді.




Акциялардың сауда-саттық көлемі – бұл белгілі бір уақыт аралығында қор биржасында сатып алынған және сатылған компания акцияларының жалпы саны.

ТОП АКЦИЯЛАР

ҚҰН ӨСІМІ ЕҢ ЖОҒАРЫ ҮЗДІК АКЦИЯЛАР

Solidcore



KazMunayGas



Freedom Corp.



OKEY




Halyk Bank




ЕҢ КӨП САТЫЛАТЫН 5 АКЦИЯ *


Solidcore




Air Astana




Kazatomprom



Halyk Bank




KazMunayGas




* Сауда-саттықтың жалпы көлемінен үлес (акциялар + GDR)

БОРЫШТЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНА ШОЛУ

2024 жылғы тамызда борыштық міндеттемелер листингтерінің саны да, АХҚО биржасындағы эмитенттердің саны да өсті: 8 жаңа листинг пен 2 жаңа эмитент тіркелді. 2024 жылдың алғашқы 8 айында АХҚО биржасында борыштық міндеттемелермен сауда-саттық көлемі \$381 млн-ға жетті, оның \$14 млн 2024 жылдың тамызына тиесілі.



Қолжетімді борыштық бағалы қағаздардың мол болуы инвесторларға инвестициялардың кең таңдауын ұсынады.



Борыштық қағаздармен сауда-саттық көлемі – белгілі бір кезең ішінде қаржы нарықтарында сатып алынатын және сатылатын борыштық бағалы қағаздардың жалпы сомасы.

ТАРТЫЛҒАН БОРЫШТЫҚ КАПИТАЛ

АХҚО биржасында тартылған борыштық капиталдың көлемі \$16 млн-ға ұлғайып, \$4,8 млрд-ты құрады. Инвестициялардың салалар бойынша бөлінісі инвестициялық қызмет секторында 6,9%-ға ұлғаюмен аздап өзгерді. Алайда көшбасшылықты бұрынғыдай келесі бағыттар сақтап қалды: инвестициялық қызмет, мұнай және газ және мемлекеттік бағалы қағаздар.


БОРЫШТЫҚ КАПИТАЛ

\$4,8 млрд

Тартылған борыштық капитал


+\$16 млн

2024 ж. тамызда тартылған борыштық капитал




Борыштық капитал – бұл компаниялар инвесторлар үшін облигациялардың әртүрлі түрлерін шығару арқылы тартатын қаражат.

САЛАЛАР БОЙЫНША БӨЛІНІС



Салалар бойынша бөлініс белгілі бір салалардың тартылған борыштық капиталдың жалпы көлемінен қанша үлесін алатынын көрсетеді.

2024 ж. КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫҢ КІРІСТІЛІГІ



Шетел валютасында (USD/EUR) орналастырылған облигациялар
 Теңгемен орналастырылған облигациялар

— АҚШ федералды қорының тиімді мөлшерлемесі *

— Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі

* Федералды резерв жүйесінің Басқарушылар кеңесі (АҚШ)

ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН БАС ТАРТУ

Бұл ақпарат инвестициялық ұсыныс емес.

Осы материалдағы деректер жарияланған сәтте рас болып саналады, алайда біз оған кепілдік бермейміз.

Материалда берілген тұжырымдар мен қорытындылар бастапқы және қайталама көздерден адал жиналған және АХҚО олардың дәлдігіне әрқашан кепілдік бере алмайтын ақпаратқа негізделгенін назарға алыңыз.

Осы материалда баяндалған тұжырымдар, түсіндірулер мен қорытындылар міндетті түрде АХҚО әкімшілігінің ұстанымын білдірмейді. Берілген ақпарат тек жалпы танысуға арналған.

АХҚО әкімшілігі осы материалды өз мақсатыңызға пайдалану үшін оның нақты немесе болжамды құзыреттілігі, растығы, сенімділігі немесе жарамдылығы туралы ешқандай мәлімдеме жасамайды және сондай екеніне ешқандай кепілдік бермейді.

ЕСЕП АВТОРЛАРЫ

АХҚО әкімшілігі

- Бектұров Альтаир
Деректер аналитикасы департаментінің директоры
- Қарымсақов Тимур
Деректер аналитикасы департаментінің бас менеджері

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

- Сайт: www.aifc.kz
- АХҚО Биржасы: Markets@aix.kz
- Сауалдар: DataAnalytics@aifc.kz

АХҚО Биржасы

- Әбілқасым Бахтияр
Есептілік департаментінің менеджері

